

Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясы
Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды психологиялық
қолдау

2025-2026 оқу жылы

Ерекше білім беруді қажет ететін (ЕББҚ) оқушыларға қолдау көрсету – олардың оқу, даму және әлеуметтік бейімделуіне жағдай жасау үшін ең маңызды бағыттардың бірі. Мұндай қолдау кешенді түрде — педагогикалық, психологиялық, әлеуметтік және физикалық бағыттарда жүргізіледі. Оқыту процесін оқушының жеке мүмкіндігіне бейімдеу. Биылғы оқу жылында 81 оқушы «Ерекше» білім беруді қажет етеді. Оның ішінде психологиялық қолдауды қажет ететін 21 оқушы бар. Оқушыларды қолдау үшін түрлі қолдау түрлерін пайдаланудамыз.

1. Жеке оқу жоспары мен жеке оқу бағдарламасын (ЖДБ) әзірлеу;
2. Тапсырмаларды жеңілдету, визуалды материалдарды көбірек пайдалану;
3. Сабақта дифференциалды тәсіл қолдану (әр оқушының деңгейіне сай тапсырма беру);
4. Қосымша түсіндіру, қайталау, тәжірибе арқылы үйрету;
5. Оқу барысында көмекші құралдар (үлкейтілген қаріп, аудиоматериал, суреттер) пайдалану;
6. Сабақ қарқынын баяулату немесе үзіліс жасауға мүмкіндік беру.

Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың мінез -құлқындағы дамуы мен бұзылыстарын айқындау, әлеуметтенуін зейіні мен еске сақтауын, кеңістікті елестетуін, қисынды ойлауын, танымдық қабілеттерін дамыту, балалардың ақыл – ойы мен сөйлеу тілінің дамуын және педагогикалық -психологиялық әлеуметтік қолдау бойынша мектеп мамандары яғни психологтар, жоспар бойынша түзету және дамыту жұмысын жүргізіп бастады.

Оқушылардың танымдық қабілеттерін дамыту мақсатында, «Сикырлы доп», «Жауыннан тығылу» «Бұл мен, мені таны», «Түстерді анықта», «Затты суреттерді анықта», «Нүте» жаттығулары жүргізілді. Оқушылардың күнделікті психологиялық хал -ахуалдары бақыланып, әр оқушының көңіл – күйіне мән беріп отырылады. ЕББҚ оқушылардың эмоционалды жай-күйін тұрақтандыру, өзін-өзі бағалау мен қарым-қатынас дағдыларын дамыту, оқу мотивациясын арттыру мақсатында түрлі іс- шараларға қатыстырылады.



ЕББҚ оқушылардың ата-аналарын қолдау мақсатында «Біз біргеміз» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Ата - аналарға психокоррекциялық жаттығулар, эмоцияны басқару, өзін-өзі тану, сенімділік дамытуға арналған топтық тренингтер жүргізіліп, жеке психологиялық кеңес берілді.

Мектеп психологтары :

Жадырасынова С.М

Хасаенова А.С